

*«Рауан»бөбекжай бақшасы*

*Ұйымдастырылған оқу қызмет  
«Төрт түлік және оның пірлері»*

*Ересек «Нұршуақ»тобы*

*Тәрбиеші: Джумагазиева Г.Қ*

*2022 ЖЫЛ*

**Білім саласы:** Қатынас

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Сөйлеуді дамыту

**Тақырыбы:** Төрт түлік және оның пірлері.

**Мақсаты:** балалардың тілі дамиды, төрт түлік малды және пірлерімен оның пайдасын айтады, жұмбақ жауаптарын айтады.

**Ресурстар:** төрт түлік малдың және төлдерінің суреттері, төрт түлік пірлері.

**Әдіс - тәсілі:** түсіндіру, сұрақ - жауап, көрсету, ойын.

**Күтілетін нәтиже:**

Сабақ барысы: I. Ұйымдастыру.

II. Кіріспе

III. Негізгі бөлім.

Шаттық шеңбері:

Қане біздер қол ұстасып,

Күлімдесіп қарайық.

Бір - бірімізге «сәлем» айтып,

Шүбірлесіп тарайық.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше оқу қызмет болады. Егер сендер менің сұрақтарыма толық жауап берсеңдер, бүгінгі оқу қызметімізді тақырыбы шығады.

1 - сұрақ. Мезгілдер, айлар, ауа райындағы өзгерістер жайлы.

2 - сұрақ. «Бір апта». Өлең шумақтарын айту.

3 – сұрақ Үй жануарларын атайық

5 - сұрақ. Тіл ұстарту өлең жолдарын айтайық

Тәрбиеші: Балалар мына тұрған түстерді таңдау арқылы үш топқа бөлінейік. Мен әр топқа мен жұмбақ жасырайын. Егер жұмбақты шешсеңдер, төрт түліктің пайдасына тоқталасыңдар. Сұраққа толық жауап берген топқа смайликтер беріледі.

Ащыдан басқа жемейтін,

Ыстық шөлде отаны.

Шөлдесе су демейтін,

Шешуі бұл қай жануар? (түйе)

Тәрбиеші: Түйенің пайдасын айта қойыңдар.

Балалар: Түйенің сүтін шұбат дейді. Шайға қосады, сусын ретінде ішеді, шұбатты ашытады.

Ол айраннан сұйық, қымыздан қою. Шұбат - әрі сусын, әрі тамақ. Емдік қасиеті бар. Терісінің де пайдасы адамға көп. Мінсе көлік. Түйе жүнінен жасалған кеудеше жылы болады.

Тәрбиеші:

Басында таяғы бар,

Төрт аяғы бар.

Сегіз тұяғы бар,

Иегінде сақалы бар

Бұл қай жануар? (ешкі)

Балалар: Ешкінің пайдасы ең бірінші жүні. Оның жүнінен биялай, күртеше, орамал тоқылады.

Сүті өте пайдалы, кішкентай балаларға береді.

Тәрбиеші:

Аласа ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар.

Бұл қай жануар? (қой)

Балалар: Қойдың пайдасына келсек, терісі пайдалы, еті тәтті, қойдың жүнінен көрпе,

күртеше, қолғап, байпақ тоқиды, киіз басады.

Тәрбиеші:

Екі айнасы бар,

Төрт тармағы бар.

Бір шыбыртқысы бар,

Қай жануар? (сиыр)

Балалар: Сиырдың ерекшелігі сүтті өте көп береді. Сүтінен тәтті айран, құрт, ірімшік, май жасайды. Жайлауда жайылғанды ұнатады.

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар. Енді төрт түліктің төлдерін қалай атайтынын көрейік.

Сиыр төлі – бұзау

Жылқы төлі – құлын

Ешкі төлі - лақ

Қой төлі – бота

Ақ бұзауым ұнайды

Мө - мө деп сүт сұрайды.

Келеді өсіп күн сайын,

Тұмсығын созып қарайды. \Рамазан

Кіп - кішкене момақан

Қошақанды ұнатам

Сүйеді апам қозым деп

Қошақаным қозым деп ... \Нұрасыл

Құлыншағым құндызым

Құлдырайды шабады

Жылтылдаған жұлдызым

Құстай қанат қағады. ... \Айсабек

Шөре - шөре лағым,

Тентек болма шырағым.

Секектеме демінді ал,

Селтендемей құлағың. ... \Альмира

Айналайын ботам

Қандай күлте жотаң.

Табандарың жалпақ,

Теріп жейсің жантақ. \Айзия

Балалар: Қойдың пірі – Шопаната.

Жылқының пірі – Қамбар ата.

Түйенің пірі – Ойсыл қара.

Сиырдың пірі – Зеңгі баба.

Ешкінің пірі – Сексек ата.

Мақалар

Мал өсірсең қой өсір,

Өнімі оның көл - көсір.

Малды баға біл,

Бабын таба біл.

Мал төлімен жарасты,  
Жер гүлімен жарасты.  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын.  
Ер қанаты – ат.  
Сиырдың сүті – тілінде.  
Байлықтың көзі – жылқының түгі.

«Мал баласын қалай сүйеді?»

Бала:

Қой сүйеді баласын «қоңырым» деп,  
Ештеңені білмейтін «момыным» деп.  
Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,  
Қараңғыға баспаған «қоқағым» деп.  
Түйе сүйеді баласын «тайлағым» деп.  
Жабу жапса жарасқан «жайнағым» деп.

Дидактикалық ойын. «Төрт түлік төлдерін сәйкестендір»

Төрт түлік туралы тақпақтар

Луллия шеңбері арқылы «Төрт түліктің төлін, түсін тап»

Рефлексия: Ашық сұрақтар қою арқылы балалардың төрт түлік және олардың пірлері жайлы сұрап білдім, саралау әдісін қолдану арқылы қарқыны жоғары балаларға қосымша ресурс беріп, сұрақтарға жауап берді

